


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ
КІТАПХАНАЛЫҚ – АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Молекулалық биология және медициналық генетика



Шымкент - 2019



577.2

Ә18 Әбилаев С.А.

Молекулалық биология және генетика: Оқулық.- Шымкент, ЖШС "К1ТАП" баспасы, 2010. - 388 б.

Оқулықтың екінші басылымында - кейбір стилистикалық, реакциялық өзгертулер мен қатар, жаңа тақырыптар – **гендік инженерия негіздері, биотехнология, нанотехнология** енгізілді. Сонымен қатар, бұрынғы тараулар мен тақырыптар, ғылымның жаңа жетістіктерімен – геномдық технологиялар, гендік терапия, терминациялық терапия т.б., кеңейтіліп, толықтырылды.

Әрбір тарауда тақырыптың бұрыннан қалыптасқан ұғымдары мен бірге, соңғы жылдары ғылымның дамуы негізінде тұжырымдалған жаңа түсініктері мен қағидалары да қамтылған.

Адамның тұқым қуалайтын ауруларын сипаттағанда олардың этиологиясының, патогенезінің молекулалық-генетикалық тетіктеріне көп көңіл аударылған.



Оқулықта тіршіліктің негізгі қасиеттері және эволюциялық құбылыстары жан-жақты сипатталады. Жалпы биологиялық заңдылықтардың адам онтогенезінде және популяцияларында байқалу ерекшеліктері жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, генетика ғылымының жетістіктеріне және олардың медицина практикасындағы рөліне де көңіл аударылған.

Медициналық биология – биологиялық заңдылықтарды адам, адам қауымдастығы тұрғысынан қарастыратын, жалпы биология ғылымының бір тармағы болып табылады.

577.23

Ә18 Әбилаев С.А.

Медициналық биология және
генетика: Оқулық. - Шымкент.
2010. - 264 бет, 89 сурет.



612.6.05

Н93 Ньюссбаум Р.Л.,
Мак-Иннес Р.Р., Виллард Х.Ф.
Медициналық генетика :
оқу құрал - М. : ГЭОТАР-Медиа,
2014. - 528 б.

Бұл кітап медициналық генетика бойынша басшылықтың дүние жүзіне белгілі соңғы басылымының аудармасы. Сонымен қатар оған молекулалық генетиканың қазіргі кезеңдегі жетістіктері бірінен кейін бірі түгелдей кіруде.

Бұл басылымда молекулалық диагностиканың, "Адам геномы" жобасының, фармакогенетиканың, даму генетикасының және рак генетикасының ең жаңа жетістіктері келтірілген. Олардың барлығы күнбе-күнгі тәжірибеде генетика бойынша білімін қалай қолдануды жақсы түсініп, іс жүзінде пайдалана білу үшін келтірілген және көптеген клиникалық мысалдар да бар.

Кітапта адамның әртүрлі генетикалық ауруларының 240-тан аса өте жоғары сапада түсірілген суреттері де берілген.



575

Б 34 Бегімқұлов Б.Қ.

Медициналық генетика негіздері:


Оқулық. - Астана:Фолиант, 2008.-

336 б.

Оқулықта жалпы және медициналық генетиканың мәселелері баяндалып, ағзаның тұқымқуалаушылық заңдылықтары ген, хромосома, клетка, ағза және популяция деңгейінде қарастырылған.

Оқулықта көтерілген мәселеге байланысты адамның бірнеше тұқым қуалайтын және кейде тұқым қуаламайтын аурулары туралы айтылады, алайда олардың барлығын сипаттау мүмкін бола бермейді, сондықтан оқулықта мысалға алынған аурулардың қысқаша сипаттамасы “Терминдер сөздігі” бөлімінде беріледі.

Оқулық медициналық колледж оқушыларына арналған. Сондай-ақ медициналық университет және институт студенттері пайдалана алады.



Дәрістер жинағында жалпы және медициналық генетиканың негізгі бөлімдері: белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары, генотип және фенотиптің арақатынасы, популяциялардың генетикалық құрылымы, жыныстық қалыптасудың, онтогенездің, иммунитеттің генетикалық негіздері, мутациялардың пайда болу себептері, жіктелуі және сипаттамасы ұсынылады.

Оқу құралында тұқым қуалайтын аурулардың негізгі топтарының сипаттамасы мен жіктелу принциптері, қазіргі кездегі диагноз қою, алдын алу және емдеу әдістері қамтылған.

612.6.05

Қ 71 Қуандықов Е.Ә.

Жалпы және медициналық генетика негіздері: дәрістер жинағы.- оқу құралы.- Алматы: “Эверо”, 2016. -216 б.




612.6.05

М422 Медициналық генетика: мед. училищелер мен колледждерге арналған оқулық /Бочков Н.П. ж.б.-М.:ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 256 б.:ил.

Оқулықта жалпы генетиканың заманауи негіздері, тұқым қуалайтын патологияның толық мінездемесі, тұқым қуалаушылықтың алдын алу мәселелері берілген.

Медициналық-генетикалық кеңестерде, жұмыс бөлмелері мен стационарларда тұқым қуалайтын ауруларға шалдыққан науқастармен жұмыс істейтін медициналық бикелердің міндеттеріне науқастың және оның отбасының тұқым қуалайтын ауруларының шежірелерін құру туралы алғашқы ақпараттар жиыны кіреді. Алынған мәліметтердің нақтылығы олардан алынған нақты мәліметтерге байланысты науқас және оның туған-туыстарымен алғашқы байланыс оң нәтиже береді.

Медициналық колледждерде мамандарды дайындаудың жоғары деңгейі медициналық генетиканың жақсы білімін тұжырымдайды.




Кітап молекулярлық, биология бойынша лекциялар курсының түзетіліп , толықтырылған екінші басылымы болып табылады. Авторлар бұрыннан келе жатқан және жаңа эксперименттік жұмыстарды, заманауи жетістіктерді шолып, терминдер мен заңдылықтарды жәй тізіп шықпай, жанды ғылымды түсінуге көмектесетін лекция түрінде ұсынуды қалады. Баяндаудың мұндай жолы материалды меңгеруге және ғылым негіздерін терең түсінге көмектеседі.

Оқырмандардың мүддесі ескерліп, материал тек фактілерді қатаң, мазмұндаумен шектеледі.

577.2

М90 Муминов Т.А.

Молекулярлық биология
негіздері: лекциялар курсы. -
Алматы: «Литерпринт», 2017. -
388 б.



Молекулалық биология және генетиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын қазақ және орыс тілдеріне аударылған оқу құралы ретіндегі сөздік.

Медициналық жоғарғы оқыту орынның оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және дәрігерлерге оқытылатын пәннің мазмұнын өте жақсы түсіну мен меңгеруіне арналған құрал.

577.2

Қ71 Қуандықов Е.Ә., Нұралиева Ұ.Ә.
Негізгі молекулалық-генетикалық
терминдердің орысша-қазақша сөздігі:
сөздіктер. – Алматы: ЖСШ “Эверо”,
2012. -112 б.



575

Б84 Бурунбетова Қ.Қ.

Генетика негіздері: Оқулық.-

Алматы: ЖШС “Дәуір”, 2013.

-264 б.

Оқулық генетикадағы тұқым қуалаудың негізгі заңдылықтары, тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттеудің әдістері, тұқым қуудың цитологиялық негізі, гаметогенез, генетиканың негізгі заңдары мен заңдылықтары, ажырау кезінде әдеттегі сандық қатынастардың ауытқулары, гендердің өзара әрекеттесуі, жыныс генетикасы, тұқым қуалаудың хромосомалық теориясы, өзгергіштік, адам генетикасы, медициналық генетика, адам қан топтарының тұқым қуалауы мен популяциялық генетика мәселелері сынды генетикалық классикалық тақырыптарын қарастырады. Г.Мендель және Т. Морган заңдылықтары бойынша генетикалық есептерді шығару жолдары мен білімді тексеруге арналған тест тапсырмалары берілген.



Оқулықта тіршіліктің негізгі қасиеттері және эволюциялық құбылыстар бірізділікпен сипатталған. Адам онтогенезінде және популяцияларында жалпы биологиялық заңдылықтардың байқалу ерекшеліктері қамтылып, олардың медицина практикасындағы рөлі көрсетілген, генетика ғылымының жаңа салалары – экогенетика және фармакогенетика мәселелеріне де көңіл аударылған.

Оқулықтың соңғы жағында шәкірттердің өз бетінше оқып үйренуі (білім алуы), бақылауы үшін сұрақтар мен есептер және қысқаша терминдер сөздігі келтірілген.


57

Қ-71 Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А.

Медициналық биология және генетика.

Оқулық.- Алматы “НАС”, 2006.- 320 б.

74 сурет.



Книга представляет собой второе исправленное и дополненное издание базового курса лекций по молекулярной биологии. Авторы избрали лекционную форму изложения современных достижений в виде обзора устоявшихся и новых экспериментальных работ, что помогает представить живую науку, а не формальный набор терминов и закономерностей. Подобный стиль изложения способствует усвоению материала и пониманию глубинных основ науки.

Второе издание уделяет большее внимание прикладным, медицинским аспектам предмета, благодаря этому, книга может служить хорошим учебником по основам молекулярной биологии и генетики.

577.2

О-753 Основы молекулярной биологии (курс лекций).- 2-е изд., испр. и доп.- Алматы, 2017. -556 с.

ХАТТАМА:

Іс-шара:	Виртуалды көрме
Атауы:	“Молекулалық биология және медициналық генетика”
Саны:	16 кітап: 11 кітап қазақ тілінде, 5 кітап орыс тілінде
Өткізілген орны:	Медициналық колледж кітапханасы
Өткізілген уақыты:	04.04.2019 ж –30.04.2019 ж.
Жауапты:	Қуанышбекова Е. А.